

Алғы сөз

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқып, үйрену – Қазақстанның әрбір азаматының парызы және оны мемлекет аймағында тұратын барлық халық меңгеруі қажет.

Сондықтан жоғары білімді, бәсекеге қабілетті, рухани-мәдени өресі кемел, тілдік құзіреттілігі жоғары маман даярлауда ЖОО-да қазақ тілінің жүйелі оқытылуы – Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі мемлекеттік маңызы бар бағыттардың бірі. Осы ретте қазақ тілін заманауи технологияларды қолданып және үздік әдіс-тәсілдер негізінде жүйелі, деңгейлеп оқыту – уақыт талабы.

Қазақ тілін оқытудың А2 деңгейі үшін жазылған бұл оқу құралында мақсаты мен міндеті және құрылымы біртұтас 15 тақырып алынып, әрқайсысына бірнеше сабақ берілген. Лексика-грамматикалық материалдар тіл үйренушінің бастапқы кезеңде алған **лингвистикалық білімін тереңдетуге жүйелі және тіл үйренуге қиындық тудырмайтын**дай икемделіп берілген. **Әр сабақ** тіл үйренушілердің қазақша сөйлеуін, ойлауын, түсінуін, айтуын, пікірлесуін негізге ала отырып, оқытушыларға оқу үрдісін коммуникативті түрде ұйымдастыру мақсатында жазылған.

Оқу құралында ұсынылған материалдар танымдық мәні жоғары, күнделікті өмірмен тығыз байланысты, қызықты әрі тартымды алынған. Сонымен қатар тақырып мазмұнын түсінуге жетелейтін тапсырма-сұрақтармен қатар жеке ойын, пікірін ауыз екі тілде айтуға бағыптайтын жағдаяттық тапсырмалар берілген. Жаттығулардың орындалу жолдары тартымды, қызықты болуы үшін түрлі сызбалар, кестелер, суреттер енгізілген. Сілтемелер арқылы ұсынылған шағын бейне материалдар тақырыпқа сай және өзекті.

Оқу құралында алынған әдіс-тәсілдер инновациялық технология негізінде әртүрлі формада жұмыс жүргізу барысында қазақ тілін меңгертуде жаңа мүмкіндіктер береді. Оқу құралының құрылымындағы ерекшеліктер авторлардың өзіндік ізденісін, шығармашылықтарын танытады. Оқу құралы тілдік дағдыларды қалыптастыруда, **тіл мәдениетінің деңгейін арттыруда** пайдалы еңбек, тіл үйрену үшін тиімді және аса қажет болып саналады.